

Тәрбиелеу білім беру процесі
2024-2025 оқу жылы
Орта топ
Казан

Казан	Дене шынықтыру	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Бестемше, Тас қала, Қыз қуу, Асық ату, Шаңырақ, Теңге алу, Бес тас, Шертпе тас, Тоғыз құмалақ т.б.) «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында 2- апта) «Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында 3-апта) Негізгі қимылдар: Сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру. Тепе - теңдікті сақтау. Арқан бойымен жүру, Жүгіру. Аяқтың ұшымен жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру. Еңбектеу, өрмелеу. Заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, Секіру. 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып,	Бір-бірден екеуден сапта жүре алады. Арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүре алады. Көлденең нысанаға, тік нысанаға заттарды лақтырады. заттардың арасымен еңбектейді. Жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды;
	Сөйлеуді дамыту	«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада	Дауысты дыбыстарды анық айтады. Сөздерді септелуіне қарай байланыстырады. Қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді.

	құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (е,о) дыбыстарды анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау. Сөздік қор: Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді септелуіне, қарай байланыстыру. Байланыстырып сөйлеу: Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.	
Қазақ тілі	«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру Ел боламын десең, бесігіңді түзе, Еңбек еткен — мұратқа жеткен, Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас. Дос – ажарың, жолдас – базарың. Тілдік дамытушы орта Дербес әрекеттерде, ауызекі сөйлеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту Сөздік қор: Күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарға байланысты сөздерді(бөпе,аға,апа,іні,қарындас) айтқызу Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді көпше түрде қолдануға үйрету Байланыстырып сөйлеу Балалардың айтатын сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру	Балалар дербес әрекеттерде ауызекі бір-бірімен сөйлеседі. Туыстық атауларды бөпе,аға, апа, іні,қарындас сөздерін атайды. Сөздерді көпше түрде қолданады
Көркем әдебиет	«Балалар кітапханасы»-жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген	Көрген суреттері бойынша өз ойын айта алады.

	қызығушылығын дамыту. Кітаптарға қызығушылықты ояту. Оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.	
Математика негіздері	Қаржылық сауаттылық математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту. Заттарды зерттеу барысында олардың пішін көлемін көзбен өлшеу қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнені ойлауды, есте сақтау қиялдауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, (ойындар: Теңге алу, Айырмашылығын тап, Банкомат, Тенге бинго, Ақша жұмсап үйренеміз, Әмиян, Дүкен т.б. Сан. Заттардың санын ажыратуға үйрету: Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигура шаршыны таныстыру. Кеңістікті бағдарлау. Осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: түнде.	Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді; Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыра алады. Геометриялық фигураны біледі. Осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай алады. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлай біледі.
Қоршаған ортамен таныстыру	«Үнемді тұтыну», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Еңбегі адал жас өрен: үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау Қауіпсіздік ережесі Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі,	Балабақша және балабақша қызметкерлерінің еңбектері туралы айта алады.

	тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау. ("Балалар", "Трамвай аялдамасы", "Автобус аялдамасы", "Метро аялдамасы", "Тройллебус аялдамасы", "Жаяу жүргіншілер жолы") жол белгілерімен таныстыру Еңбекке баулу Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.	
Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету,	әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады;
Сурет салу	Бояулар сыры- топ аралық байқау Қазақ ою-өрнектерінің түрлері ("түйетабан", "құсқанаты") туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді	сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі;

	(шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу.	
Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).	Мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады;
Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.	желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген
Музыка	«Күй күмбірі», балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.	Музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген;